



БҰЙРЫҚ

**№65
«01» 09. 2022ж.**

ПРИКАЗ

«Клуб, үйірмелерге бөлу туралы»

2022-2023 оқу жылында мектеп оқушыларын үйірме және клубтар жұмысына қатыстыру үшін төмендегі мұғалімдер жетекші болып тағайындалсын деп **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Аманова. Р. Ж – «Дебат» үйірмесі, «Театр» үйірмесі – 0,5 ст
2. Едиресов. М. С. - «Отбасылық әңгімелесу» үйірмесі - 0,25 ст.
3. Қабылдин. Б. М. - «Бағдаршам» үйірмесі - 0,25 ст.
4. Рахимжановна. А. К. - «Адал ұрпақ» үйірмесі - 0,25 ст.
5. Қаби . Н. Б. - «Домбыра дастан» үйірмесі - 0,25 ст.

Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын .

Мектеп директоры:

 **Отасhev Б.С**



Бекітемін:
Мектеп директоры: Оташев Б.С



Келісемін:

Тәрбие ісінің орынбасары:

Молдрахметова С.А

Родина жалпы білім беретін мектебінің 2022-2023 оқу жылына арналған үйірме сабақ кестесі

№	Үйірме жетекшілері	Үйірме атауы	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
1	Едиресов М.С	«Отбасылық әңгімелесу»			15.00-15.45		
2	Қабылдин Б.М	«Бағдаршам»				15.00-16.00	
3	Қаби Н.Б	«Домбыра дастан»		15.00-17.00		10.00-12.00	
4	Аманова Р.Ж	«Дебат»				10.00-11.00	
5	Аманова Р.Ж	«Театр»			10.00-11.00		
6	Рахимжанова А.К	«Адал ұрпақ»					10.11-11.00
7	Сыздықов М.Ә	«Жас сарбаз»					16.00-17.30
8	Камалиев Ж.Т	«Баскетбол»		18.30-20.30		18.30-20.30	
9	Дүйсенов Б.Х	«Футбол»					18.30-20.30
10	Жумабаева А.У	«Волейбол»	18.30-20.30		18.30-20.30		
11	Рахимжанова А.К	«Әділет»	10.00-11.00				
12							

ДТЖО: Молдрахметова С.А

Келісемін:

Тәрбие ісінің орынбасары:

Молдрахметова С.А



Бекітемін:
Мектеп директоры:
Оташев Б.С

Родина жалпы білім беретін мектебінің «Сахна» театр үйірмесінің
2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

№	Жүргізілетін іс- шаралар мазмұны	Аяқталу нысаны	Сағат саны	Мерзімі
1	Үйірменің жұмыс жоспарымен таныстыру. Үйірмеге қатысушылардың тізімін жасау	Ақпарат беру	1	07.09.
2	Үйірме бұрышын дайындау	Ақпарат беру	1	14.09
3	Драма туралы түсінік, шығу тарихы	Ақпарат беру	1	21.09
4	Сахна этикасы	Ақпарат беру	1	28.09
5	Әңгіме желісі бойынша монолог дайындау, топ алдында сөйлеу	Дайындық жүргізу	1	05.10.
6	Ертегінің сценариімен танысып үйрену. «Қызыл телпек» (ертегісінің мазмұны мен желісімен)	Сахналау	1	12.10.
7	Ертегі мазмұнын ашуға сай келетін музыка таңдау. Дайындық жұмысы.	Ақпарат беру	1	19.10.
8	«Әдеп пен мәдениет» тақырыбында шығармалармен танысу.	Ақпарат беру	1	26.10.
9	«Мақта қыз бен мысық» ертегісінің сценариімен танысу.	Ақпарат беру	1	09.11
10	Сөйлесу ережесі мен өзін-өзі ұстау тәртібінің ережесі (Сахналық этюдтер қою)	Ақпарат беру	1	16.11
11	Сахналық этюдтер («Қоғамдық орындарда» «Үйде, отбасында»)	Ақпарат беру	1	23.11.
12	Диалог – жануарларға дыбыстық еліктеу мен олардың дыбысын салу. (Әтеш – тауық, шошқа – сиыр, арыстан – қой, ит- мысық, екі маймыл, үлкен ит- кіші ит)	Ақпарат беру	1	30.11.
13	Оқушылардың сұрауы бойынша рольдерге бөлу. Костюмдері мен сахналық безендірулерді әңгімелеу. Аңдардың бетпердесін дайындау.	Әңгімелеу	1	07.12
14	Халық ертегісі «Өнер күші» оқу, талдау, әңгімелеу. Ертегінің тақырыбын, идеясын, қажетті құрал-жабдықтарды әңгімелеу. Рольдерді бөлу	Әңгімелеу	1	14.12.

Келісемін:

15	Зиянды әдет-қылықтардың қасіреті. Олардан аулақ болу. Теледидардан көріністер қарау.	Ақпарат беру	1	21.12
16	«Мен сұлулық, достық әлеміндемін, әлем менде» (Достық, сұлулық тақырыбындағы шығармалар) Ситуациялық жағдайларды шешу.	Әңгімелесу	1	28.12
17	Сахналық этюдтер дайындау. («Таксиде», «Көшеде», «Көлікте, лифтіде», «Пойыз вагонында», «Демалыста»).	Дайындық	1	11.01
18	Саусақ театры	Ақпарат беру	1	18.01
19	Саусақ театры	Ақпарат беру	1	25.01
18	«Бауырсақ» сахналық қойылым	Қойылым	1	01.02
21	«Жақсылық пен жамандық»	Әңгімелесу	1	08.02
22	Әдептің жалпы адам мәдениетімен байланысы	Әңгімелесу	1	15.02
23	«Адам – ұлы құндылық» тақырыбында өз жақындарының суреттерімен әңгіме құрау.	Суреттермен жұмыс	1	22.02
24	Театр – ұжымдық өнер	Ақпарат беру	1	01.03
25	« Сөйлесу әліппесі» дөңгелек үстел	Дөңгелек үстел	1	15.03
26	« Сөйлесу әліппесі» дөңгелек үстел	Дөңгелек үстел	1	05.04
27	Өз болашағың – өз қолыңда» театрға саяхат	Саяхат	1	12.04
28	Қалалық мұражайға саяхат	Саяхат	1	19.04
29	«Сахна этикасы»	Әңгімелесу	1	26.04
30	«Актер және сөз өнері»	Ақпарат беру	1	03.05
31	«Әдеби кештерге бару»	Кездесу	1	10.05
32	«Балалардың құқығын қорғау конвенциясымен таныстыру»	Ақпарат беру	1	17.05.
33	«Сұлулықты қалай түсінесің?»	Дөңгелек үстел	1	24.05.
34	«Денаулық- мол байлық»	Сайыс	1	25.05.

Үйірме жетекшісі:  Аманова Р.Ж

Әлихан Бөкейхан атындағы жалпы білім беретін мектебі


**«Сахна» театр үйірмесінің 2022-2023 оқу жылы
мерзімінде тәрбие бойынша жүргізілген
жұмыстарына сараптама**

Үйірме жетекшісі: Аманова Р:Ж

Мамыр, 2023 ж

Әлихан Бөкейхан жалпы білім беретін мектебінің 2022-2023 оқу жылы мерзіміндегі «Сахна» театр үйірмесінің атқарылған жұмыстарына сараптама

Биылғы оқу жылы мерзімінде мектепшілік бұйрық шығарылып, тәрбие жоспары бекітілді. Оқушылар тізімі жасалды. «Сахна» театр үйірмесі жетекшісі Аманова Рысжан Жунусовна өз жұмысын бастады. Үйірмеге 7 сынып және 6 сынып оқушыларынан барлығы 20 оқушы қамтылды, Оның ішінде 14 қыз бала, 6 ұл бала құрайды. Театрдың басты мақсаты : өз-өзін сахнада ұстай білуге үйрету, рухани қорын, мәдени эстетикалық деңгейін кеңейту, дарынды, дара тұлғаны таныту, ақын жазушылардың шығармашылығын насихаттау. Оқушылар үйірменің жоспарымен танысты. Үйірме бұрышы дайындалды. Жоспарда әртүрлі тақырыптар қамтылды. Қыркүйек айында «Драма туралы түсінік, шығу тарихы» тақырыбының мақсаты оқушылар театр актерлік өнердің негізімен танысып, шағын қойылымдарды сахнада қойып шығуды үйренді. Оқушылардың жас ерекшелігіне қарай өз қалауымен ертегілер желісімен танысты. «Қызыл телпек» ертегісінің мазмұны мен желісімен таныса отырып, сахнада қояды менгерді. Ертегі мазмұнына қарай әуен дайындалып, дайындық жұмыстары жүргізілді.




Қазан айында «Әдеп пен мәдениет» тақырыбында іс- шаралар өткізілді. **Мақсаты:** Оқушыларды адам бойындағы ұнамды және ұнамсыз қылықтарды ажырата білу, әдеп, әдептілік туралы түсініктерін кеңейту, таным қабілеттерін дамыту, байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру, сөздік қорды молайту. Балалар жақсы қатысты. Өтілетін орын безендірілді. Іс- шара ойын түрінде басталып, сергіту сәтімен аяқталды. Әр кезең фотоға түсірілді. Әдептілікке байланысты қоғамдық өмірдегі болып жатқан жағдаяттарды еркін өз ойымен жеткізе алды. Іс- шара өз мақсатына жетті. Сабақ кестесі бойынша қазан айының 05.10.22 күні «Әңгіме желісі бойынша

монолог дайындау, топ алдында сөйлеу тақырыбының мақсаты еркін тақырыпта бала өз шығармашылығын дамыту. Монологтын мазмұны мен маңыздылығын түсіну. **Қараша айында «Мақта қыз бен мысық»** тақырыбында іс- шара өткізілді. **Мақсаты:** Оқушылардын ертегі туралы білімдерін толықтыру. Сөздік қорын дамыту. Татулыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Желтоқсан айында «Зиянды әдет-қылықтардың қасіреті» тақырыбында іс- шара өткізілді. **Мақсаты:** Оқушыларды лас істерден аулақ болуға үйрету. Олардың денсаулыққа ,болашақ ұрпаққа жау екендігін түсіндіру. Өркениетті елімізге лайықты, зиянды әдеттерге қарсы күресетін білімді тұлға тәрбиелеу. Оқушылар екі топқа бөлініп, «Денсаулық», «Газалық» топ атауларын қойды. Берілген тапсырмаларды орындады. Іс- шара өте жақсы деңгейде өткізілді. Белсенділік көрсете білген топтар мадақтамамен мадақталды.

«Арқалық қаласы білім бөлімі» ММ білім беру мекемелері арасында өткен **«Армандастар»** қалалық балалар шығармашылығының фестиваль-конкурсының **хореография жанры бойынша 3-орынға ие болып** мадақтамамен марапатталды. Қала мен ауыл мектептері оқушылары арасында өткізілген **фестивальдың негізгі мақсаты:** балалардын көркемөнерпаздар шығармашылығын дамыту және оның өскелен ұрпақтың көркемдік біліміндегі, эстетикалық, адамгершілік тәрбиесіндегі рөлін күшейту. Байқауға мектеп оқушылары қатыса алды. Оқушылар **Ы.Алтынсариннің «Жаман жолдас»** атты шығармашылығынан қойылым қойды. **Мақсаты:** Оқушылардын адал дос пен жаман жолдастың айырмашылығын ажырата білуге үйрету. Кейіпкердің іс- әрекетін көркемді бейнелей отырып, ортада өзін- өзі ұстауы, ұйымшылдықпен бірлесе жұмыс жасауға баулу. Қойылымда екі достын ролін сомдаған **Өмірбекова Айзере** мен **Серік Алтын**, аю ролінде **Қырғи Адия**, Автор: **Қалдыбекова Ырысты**. Қойылым тақырыпқа сай слайд пен атрибуттармен көрнекіленді. Қатысушылар достық туралы мақал- мәтелдер айтып қойылымды жақсы аяқтады. Белсене қатысқаны үшін мадақтамамен марапатталды.



МАДАҚТАМА

«АРҚАЛЫҚ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ

Білім беру мекемелері арасында өткен
«Армандастар» қалалық балалар шығармашылығының
фестиваль – конкурсының
хореография жанры бойынша III орынға ие болған


Д.Білімгерев ақжүзегі

ММММММ



МАРАПАТТАЛАДЫ

Басшы

Е.Мәметқов




Қантар айында «Сахналық этюдтар дайындау» бөлімі бойынша «Көшеде» тақырыбына іс-шара өткізілді. **Мақсаты:** Оқушылардың жолда жүру ережесін меңгерту дағдысын қалыптастыру. Бағдаршамның атқаратын қызметін таныстыру. Балалар бір-біріне жақсы көңіл-күй сыйлап, бағдаршамның атқаратын қызметіне тоқталды. Жол белгілеріне арналған жұмбақтар жауабын таба алды. Көшеде жүру ережелері туралы қойылымды жасап, жол белгілерін ажырата алу арқылы өз білімдерін толықтырып отырды. Әр кезең фотоларға түсірілді. Іс-шара өз дәрежесінде өтілді.



Ақпан айында «Жақсылық пен жамандық» атты іс-шара өткізілді. **Мақсаты:** Оқушылардың адам бойындағы жақсы мен жаман әдет-қылықтарды ажырата отырып, жаман әдеттерден аулақ болуға үйрету. Оқушылардың ой-өрісін кеңейте отырып, адамгершілікке тәрбиелеу. Көрнекілік құралдар ретінде дайындалынған слайдтар, сергіту сәттері, ертегі атрибуттары қолданылды. Іс-шара ойын түрінде өткізілді. Оқушылар тақырып бойынша өз ойларын ортаға салды. Тақырыпқа арналған бейнероликті көрді. Ертегідегі кейіпкерлердің іс-әрекетінен жақсы адам мен жаман адамның бойындағы қасиеттерді ажырата білуге үйренді. Әр кезеңдер фотоға түсіріліп отырды.

10.03.2023ж «Арқалық қаласы білім бөлімінің қосымша білім беру орталығы» КММ Ұлт-азаттық көтерілістің басшысы, батыр Амангелді Имановтың 150 жылдығына орай қала мектептерінің оқушылары арасында өткен «Батырлар туған бақ мекен» атты сахналық қойылым байқауына белсене қатысқаны үшін мадақтамамен марапатталды. Қойылымның басын мектебіміздің екі оқушысы Мырзабекова Жанбота мен Марат Диана көркем

сөзбен ашты. Амангелді Имановтын сахнада батырлық ерлігін шеберлігімен көрсете білген оқушылар болды олар Өмірбекова Айзере, Серік Алтын, Сабитбекова Аяулым, Ермахан Гүлсезім. Оқушылар сахналық костюммен барды. Қойылым өз дәрежесінде өтілді.




Ақпан айында 15.02.23ж «Әдептің жалпы адам мәдениетімен байланысы» атты тақырыбында іс- шара өткізілді. **Мақсаты:** Оқушыларды қарым-қатынас мәдениетіне үйрету, олардың әдеп, әдеп сақтау ұғымдары туралы түсініктерін кеңейту. Оқушылар шаттық шеңбері арқылы бір- біріне жақсы көңіл- күй сыйлай алды. «Әдептілік –адамгершілік бастауы» дегенді қалай түсінесің? деген сұраққа оқушылар өз ойларын толықтай айта алды. Іс- шара фотоға түсірілді. Тақырып бойынша жағдаяттар талқыланды. Оқушылар еркін өз ойларына дәйек мысалдар келтіре алды. Іс- шара өз денгейінде өтілді.



Наурыз айында «Әдеп пен мәдениет» атты іс- шара өткізілді. **Мақсаты:** Оқушыларды адам бойындағы ұнамды және ұнамсыз қылықтарды ажырата білу, әдеп - әдептілік туралы түсініктерін кеңейту, таным қабілеттерін дамыту, байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру, сөздік қорды молайту. Балаларды адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу. Іс- шара ойын түрінде өткізілді. Балалар бір-біріне шаттық көңіл - күй сыйлай алды. «Әдептілік неден басталады?» сұраққа оқушылар өз ойын толық айта алды. «Қоғамдық

көліктегі әдептіліктер» деген жағдаяттарға байланысты әр оқушы өзінің ойын толықтай дәлелдермен келтіре білді. Әрқашан үлкенді сыйлау, құрметтеу. Халқымыздың ақсақалды атаны, ақ жаулықты ананы, ақ шашты әжені, жалпы жасы үлкенді сыйлап, алдынан өтпеу- ата дәстүріміз екенін түсіне білді. **Наурыз айында «Театр – ұжымдық өнер»** атты іс-шара өткізілді. **Мақсаты:** Оқушыларға өнер туралы түсінік беру. Ұжымдық өнер - бұл жалпы мақсаттарға жету үшін өздігінен жұмыс істейтін, идеология мен көзқарастарды бөлісетін екі немесе одан да көп суретшілер арасындағы ұжым екенін түсіндіре отырып, білімдерін толықтыру.




Сәуір айында 30.04.23 жыл «Жас-Ұлан» балалар мен жасөспірімдер орталығының ұйымдастыруымен өткізілген «Екі езу» комедиялық қойылым байқауына мектептің театр үйірмесінің оқушылары қатысты. **Мақсаты:** Оқушылардың шығармашылық қабілетін, олардың кәзіргі заман талабына сай ізденістерін арттыру. Таланттарды өнерге тәрбиелеу. Байқауға «Маша мен аю» атты ертегі жанры түрінде сахналанды. Ертегі құрамын 7 оқушы құрады. Олар аю ролінде 7 «А» сынып оқушысы Ұшқас Қарақат, Машаның ролінде Көптілеуқызы Қарақат 6 «Б» сынып оқушысы, жүргізуші Наргиз, Атаның ролінде Шалқар Ару, әженің ролінде , иттің ролінде 5 «А» сынып оқушысы Серік Алтын болды. Қойылымның уақыты 5 минуттан аспады. Қатысушылар костюмдермен сахна декорациясымен реквизиттермен, экран фонмен көркемделді. Оқушылар сахнада актерлік шеберліктерін көрсетіп, шығармашылықтарын дамыта түсті.

06.04.2023 жыл «Сөйлеу әліппесі» атты тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. **Мақсаты:** Оқушылардың өнерге деген қызығушылықтарын құштарлықтарын арттыру. Сөйлеу мәдениетін дамыту, сөз өнерін

қадірлеп, қастерлей білуге дағдыландыру. Ұлтжандылық сезімін оятып, адамгершілікке, елінің өнерін сүйеге тәрбиелеу.



Іс-шара тақырыпқа сай ойын түрінде өткізілді. Оқушылар таңдаулы ақын-жазушылардың өлең жолдарын оқу арқылы әртүрлі мимикамен ортаға көрсете алды. Экраннан «Маша мен аю» ертегісін тамашалады. Үйірме оқушылары сынып оқушыларына ертегіні сахналап берді. Іс-шара фотоға түсірілді. Сөйлемдегі сөздердің мағынасына көп көңіл бөліп орынды қолдана білуге дағдыланды.



27.04.23 жылы «Жас-Ұлан» балалар мен жасөспірімдер орталығының ұйымдастырылуымен қала мен ауыл мектептерінің арасында облыстық іріктеу фестиваль байқауында «Театрдың таңғажайып әлемі» атты сахналық қойылым өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың шығармашылыққа, көркем шеберлікпен бейнелеуге үйрету. Баланың бойынан әртістік қаблеттерін ояту. Байқауға 5 «А» сынып оқушыларынан 6 оқушы қатысты. Оқушылар сахнада әртістік және кейіпкердің бейнесін

шеберлікпен орындай білді. Рөлді ойнау эмоциясы, сөйлеу дикциясын қоя білуге дағдыланды. Қойылымға Еркін Рақышевтің «Жетімдер» фильмнен сахналық үзінді көрсетілді. Аружан ролінде Қырғи Адия, Арман ролінде Әндікаттар Бекзат сомдады.



Осы байқауда «Үздік актриса» номинациясымен Қырғи Адия марапатталды.

05.05.2023ж «Жас-Ұлан» жасөспірімдер орталығының ұйымдастыруымен «Облыстық «ДоДа» дарынды және шығармашыл балалар лигасы» жобасын жүзеге асыру аясындағы аудандық іріктеу ойындары өткізілді. Мақсаты: Ойынға 5 «А» оқушыларынан Серік Алтын, Қырғи Адия, Қазихан Сәулет, Жумагазин Амир, Олжабай Алина, Қабылжан Жанерке «Күлкілі» құрама штаттары атты команда құрып қатыса алды. Ойын өте қызықты өтті. Жалпы ұнай саны-15,8 болды. Балалар спорттық жарыста жақсы нәтиже көрсете алды. Іс- шара өз дәрежесінде өтілді.





Мамыр айында «Балалар құқығын қорғау конвенциясымен таныстыру»
іс-шарасы өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға құқық туралы түсінік
беру. Балалар конвенциясына толық білімдерін толықтыра отырып, өз
құқығын қорғай ала білуге бағыт бағдар беру. Адамгершілікке, жан
дүниесіне рухани жігер қалыптастыру.

Қорытынды: Оқушылардың адамгершілік-рухани, патриоттық және эстетикалық сезімдерін дамыта отырып, ұстаздар және тәрбие ісі орынбасарлары тарапынан дарынды оқушыларға қолдау көрсетіліп отырды. Оқушыларға үйірменің үйретері мол. Әрбір баланың қабілетіне қарай өнерге деген құлшыныстары артып, өзін-өзі тәрбиелейді. Үйірменің мақсатына жетіп үлкен белестерден көрінетініне мол сенім артамын.

Үйірменің жетекшісі:

Аманова Р.Ж